



«Павлодарэнергосервис» Акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының шешімімен бекітілген
2009 жылғы 12.01 №01/9-01 ОСА хаттама

«Павлодар электржелісін Тарату компаниясы» Акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

1- бап. Жалпы ережелер

- 1.1. «Павлодар электрожелісін Тарату компаниясы» акционерлік қоғамының (ары қарай – Қоғам) бұл Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, қалыптасу тәртібін және оның органдарының құзырын, оның қызметінің қайтадан ұйымдастырылуы мен тоқтатылуының шарттарын және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелерін анықтайды.
- 1.2. Қоғам атауының өзгеруіне байланысты және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының өзгерістері мен толықтырулары бар 2003 жылдың 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (ары қарай – Заң) сәйкес құра отырып, өзінің Жарғысының жаңа редакциясын бекітеді.
- 1.3. Қоғамның толық атауы:
 - 1.3.1. мемлекеттік тілде: «Павлодар электржелістік Тарату компаниясы» Акционерлік қоғамы;
 - 1.3.2. орыс тілінде: Акционерное общество «Павлодарская Респределительная Электросетевая компания»;
 - 1.3.3. ағылшын тілінде: Joint stock company «Pavlodar Regional Electric Distribution Company».
- 1.4. Қоғамның қысқартылған атауы:
 - 1.4.1. мемлекеттік тілде: «ПЭТК» АҚ;
 - 1.4.2. орыс тілінде: АО «ПРЭК»;
 - 1.4.3. ағылшын тілінде: JSC «PREDC».
- 1.5. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қ-сы, Кривенко к-сі, 27.
- 1.6. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2-бап. Қоғамның заңды дәрежесі

- 2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банктік шоттары бар, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иелене алады және жүзеге асыра алады, сотта арыз беруші және жауап беруші бола алады. Қоғам заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап ие болады.
- 2.2. Қоғамның мөрі, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзінің атауы жазылған іс-қағаздары және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да жоралғылары бар, оның үлгілерін Қоғамның атқарушы органы бекітетін және белгіленген тәртіпте тіркеуден өткізілетін өзіндік тауар белгісі мен нышандары бар болуы мүмкін.
- 2.3. Қоғам қарапайым және айрықша құқыққа ие акцияларды және шығарылуының, орналасуының, айналымға түсуінің және өтелуінің шарттары мен тәртібі Қазақстан

Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңдарымен белгіленетін басқа да құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

- 2.4. Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 2.5. Қазақстан Республикасының заң шығару актілерімен қарастырылған тәртіпте, Қоғам өзі тұрған жерден тыс жерде орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереженің негізінде Қоғамның атынан және соның тапсырмасы бойынша әрекет етуші филиалдарды (өкілдіктерді) құруға құқылы.
- 2.6. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шеңберінде жауап береді.
- 2.7. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялардың құнының шеңберінде, Қазақстан Республикасының заң шығару актілерімен қарастырылған жағдайларды айтпағанда, Қоғамның қызметімен байланысты шығындардың қаупін арқалайды.

3 -бап. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

- 3.1. Қоғам қызметінің негізгі түрлері акционерлердің мүддесі үшін, сонымен қатар өндірісті дамыту үшін кіріс кіргізу болып табылады.
- 3.2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар:
 - 3.2.1. электр қуатын тапсыру және тарату;
 - 3.2.2. электр қуаты рыногын реттеу;
 - 3.2.3. электр қуатын тапсыруды орталықтандырылған технологиялық (жедел-диспетчерлік) басқару;
 - 3.2.4. электрмен қамтамасыз ету жүйесінің сенімділігін жоспарлау және қолдау;
 - 3.2.5. Диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесін (ДБАЖ) және автоматтандырылған басқару жүйесі (АБЖ) әзірлеу, қолданысқа енгізу және алып жүру;
 - 3.2.6. электр желілерін жөндеу және қайта құру;
 - 3.2.7. релейлік сақтауды, апатқа қарсы және тәртіптік электр автоматикасын әзірлеу;
 - 3.2.8. электр жабдықтарын жобалау, жөндеу, дайындау және сынақтан өткізу;
 - 3.2.9. электр техникалық жабдықтарды жөндеу және дайындау;
 - 3.2.10. сыртқы экономикалық қызмет;
- 3.3. Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған қызметтің басқа да түрлерін іске асырады;
- 3.4. Айналысу үшін тиісті лицензия, рұқсат қағаз, сертификат алуды қажет ететін қызметпен, Қоғам мұндай құжаттарды алған сәттен бастап және олардан айрылған, олардың мерзімдері біткен немесе белгіленген заңды тәртіпте жарамсыз деп танылған сәтке дейін айналысуға құқылы.

4 -бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері.

4.1. Қоғам акционері мынаған құқылы:

- 4.1.1. Қоғамның Заңымен және Жарғысымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 4.1.2. дивидендтер алуға;
- 4.1.3. Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Қоғамның Жарғысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4.1.4. Қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы көрсетілген ұстаушысынан Қоғамның құнды қағаздарға қатысты меншіктік құқығын растайтын үзінділер алуға;

- 4.1.5. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсынуға;
- 4.1.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 4.1.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратулармен жүгінуге және Қоғамға ол сұрату келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелденген жауап алуға;
- 4.1.8. Қоғам жойылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуға;
- 4.1.9. Қоғамның Заңымен және Жарғысымен белгіленген тәртіпте, заң шығару актілерімен қарастырылған жағдайларды айтпағанда, қоғамның акцияларын немесе акцияларына конверттелетін басқа да құнды қағаздарын айрықша құқықпен сатып алуға.

4.2. Қоғамның ірі акционері сондай-ақ мынаған құқылы:

- 4.2.1. акционерлердің кезекті Жалпы жиналысын шақыртуды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртудан бас тартқан жағдайда, оны шақырту туралы арыз айтып сотқа жүгінуге;
 - 4.2.2. Қоғамның Заңына және Жарғысына сәйкес, директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
 - 4.2.3. директорлар кеңесінің мәжілісін шақыртуды талап етуге;
 - 4.2.4. аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге.
 - 4.3. Акционерлердің, осы баптың 4.1.1. және 4.1.2. тармақтарымен белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
 - 4.4. Қарапайым акция, акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығы бар акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамның таза кірісі бар болған кезде дивидендтер алу құқығын береді.
 - 4.5. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу тоқсанның немесе жарты жылдың қортындылары бойынша, немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жылдық қортындылар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысының қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде дивидендтердің бір қарапайым акцияға шаққандағы көлемі көрсетіледі.
 - 4.6. Акционерлердің – айрықша құқыққа ие акциялар иегерлерінің, қарапайым акциялардың акционерлерінің – меншік иелерінің алдында, дивидендтерді алдын-ала анықталған кепілденген, Қоғамның Жарғысымен белгіленген көлемде алуға, және Қоғам жойылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін Заңмен белгіленген тәртіпте алуға қатысты айрықша құқықтары бар. Қоғамның айрықша құқығы бар акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиісті.
 - 4.7. Айрықша құқығы бар акция, осы Жарғының 4.9. тармағымен белгіленген жағдайларды айтпағанда, акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді,
- 4.8. Айрықша құқығы бар акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын мына жағдайда береді, егер де:**
- 4.8.1. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы, шешімі айрықша құқығы бар акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарастырады. Мұндай мәселеге қатысты шешім, шектеу үшін орналастырылған (сатып алынғандарын айтпағанда) айрықша құқығы бар акциялардың жалпы санының үштен екі бөлігінен кем емес саны дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі;
 - 4.8.2. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе жою жөніндегі мәселені қарастырады;
 - 4.8.3. Айрықша құқығы бар акцияға қатысты дивидендтер, оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемінде төленбеген болса.

4.10. Қоғам акционері мынаған міндетті:

- 4.9.1. акцияларды төлеуге;

- 4.9.2. он күннің ішінде тіркеушіні және аталған акционерге тиесілі акциялардың нақтылы көрсетілген ұстаушысын, Қоғам акцияларын ұстаушылардың реестрлер жүйесін енгізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы хабардар етуге;
- 4.9.3. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия болып табылатын Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;
- 4.9.4. Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да заң шығару актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.
- 4.10. Қоғам мен тіркеуші акционердің осы баптың 4.9.2 тармағымен белгіленген талапты орындамауынан болған зардаптар үшін жауап бермейді.

5- бап. Қоғамның басқару органдары

- 5.1. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:
 - 5.1.1. жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
 - 5.1.2. басқару органы – директорлар кеңесі;
 - 5.1.3. атқарушы орган – Қоғамның Президенті.
- 5.2. Қоғам, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес басқа да органдарды құра алады.

6 -бап. Акционерлердің жалпы жиналысы, оның құзыры және шешім қабылдауының тәртібі.

- 6.1. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып екіге бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізіп тұруға міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
- 6.2. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, Қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза кірісін бөліп таратудың тәртібі және дивидендтің Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы көлемі анықталады, Қоғамның және оның қызметтік тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты акционерлердің жүгінуі және оларды қарау туралы мәселе қарастырылады. Директорлар кеңесінің төрағасы, Қоғам акционерлерін, қоғамның директорлар кеңесі және атқарушы органы мүшелерінің алатын сыйақыларының көлемі мен құрамы туралы хабардар етеді. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шешімі акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.
- 6.3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталысымен бес айдың ішінде өткізілуге тиісті. Аталған мерзім, есептік кезең үшін Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.
- 6.4. Акционерлердің жылдық, кезектен тыс және екінші қайтара болатын Жалпы жиналысын дайындаудың және өткізудің тәртібі, оны өткізу туралы ақпаратты ұсыну, және кворумды анықтау Заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;
- 6.5. Акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер жөнінде жеке өзі немесе өзінің уәкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Қоғамның Президенті акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз сөйлеп шыға алмайды.
- 6.6. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін, тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен бекітілетін ережелер мен басқа да құжаттар жиналысты Заңның талаптарына сәйкес өткізудің жұмыс тәртібін анықтайды.
- 6.7. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын, хатшысын сайлау туралы мәселе жөнінде дауыс берген кезде, қатысып отырған, дауыс беруге құқығы барлардың санынан шығатын дауыстардың қарапайым көпшілігімен шешім қабылданады.
- 6.8. Осы баптың 6.9.1. – 6.9.3. - тармақтарында көрсетілген мәселелер акционерлердің Жалпы жиналысында сырттай дауыс беруді өткізу арқылы шешілмейді. Сұрақтардың бұл тізіміне басқа да мәселелер енгізілуі мүмкін.

6.9. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына мына мәселелер жатады:

- 6.9.1. Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымда бекіту;
 - 6.9.2. корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ, егер аталған кодексті қабылдау Қоғам Жарғысымен қарастырылған болса, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 6.9.3. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе жою;
 - 6.9.4. Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 6.9.5. Қоғамның құнды қағаздарын конверттеудің шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - 6.9.6. есептік комиссияның сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оны сайлаған кезде олардың өкілеттіктерін мерзімдерінен бұрын тоқтату;
 - 6.9.7. директорлар кеңесінің сандық құрамын, және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімдерінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақылардың көлемін және төлеу шарттарын анықтау;
 - 6.9.8. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 6.9.9. жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 6.9.10. Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза кірісін бөліп таратудың тәртібін бекіту, қарапайым акциялар жөніндегі дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қортындысы бойынша Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивидендтің көлемін бекіту;
 - 6.9.11. Заңның 22- бабының 5- тармағымен қарастырылған жағдайлар басталған кездегі Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 6.9.12. Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада, активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін табыс ету арқылы Қоғамның басқа да заңды тұлғаларды құруы немесе солардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 6.9.13. Қоғамның, акционерлердің жалпы жиналысын шақырту туралы акционерлерді хабардар ету формасын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
 - 6.9.14. осы Заңға сәйкес, акцияларды Қоғам сатып алған кездегі олардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (әдістемені бекіту, егер оны құрылтайшы жиналыс бекітпеген болса);
 - 6.9.15. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 6.9.16. акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсынудың тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - 6.9.17. «алтын акцияны» енгізу және жою;
 - 6.9.18. қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 6.9.19. шешім қабылдауы Заңмен және осы Жарғымен қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған басқа да мәселелер.
 - 6.9.20. осы баптың 6.9.1. – 6.9.4.- тармақтарында көрсетілген мәселелерге қатысты акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері, Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының мамандандырылған көпшілігімен қабылданады.
- 6.10. акционерлердің жалпы жиналысының басқа да мәселелерге байланысты шешімдері, дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

- 6.11. шешім қабылдауы қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, қызметтік тұлғалары мен жұмыскерлерінің құзырына тапсыруға жол берілмейді, егер басқасы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заң шығару актілерімен қарастырылмаған болса.
- 6.12. акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша оның басқа органдарының кез-келген шешімін доғаруға құқылы.

7-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыртудың тәртібі.

- 7.1. Акционерлер жалпы жиналыстың алдағы уақытта өткізілетіндігі туралы оған күнтізбелік отыз күннен кешікпей, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – жиналысты өткізетін күнге дейінгі күнтізбелік қырық бес күннен кешікпей хабардар етілуге тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға немесе оларға жіберілуге тиісті. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспайтын болса, жазбаша хабарлама акционерге тікелей жіберілу арқылы жеткізілуге тиісті.
- 7.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақыртады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы директорлар кеңесінің, ірі акционердің бастамасымен шақыртылады.
- 7.3. қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыртудың тәртібіне қатысты басқа мәселелер және дауыстарды санаудың тәртібі Заңмен реттеледі.

8-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртібі.

- 8.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртібі осы Жарғыға, Заңға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарына сәйкес, немесе тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталады.
- 8.2. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін, келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу өткізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге қатысты өзінің өкілеттіктерін растайтын сенімхатты көрсетуге тиісті.
- 8.3. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 8.4. Ерекше құқығы бар акциялардың иесі болып табылатын Қоғам акционері, бетпе-бет өткізу тәртібінде өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға, және ондағы қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
- 8.5. Егер Жарғымен немесе бетпе-бет тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен басқасы қарастырылмаған болса, оған шақырусыз басқа да тұлғалар қатыса алады. Мұндай тұлғалардың акционерлердің Жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы акционерлердің Жалпы жиналысының өз шешімімен белгіленеді.
- 8.6. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум бар болған кезде жарияланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп болған, хабардар етілген және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайды есептегенде, акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан ертерек ашылмайды,
- 8.7. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағаны (президиумның) және жиналыс хатшысын сайлауды өткізеді және дауыс беру формасын анықтайды. Ол – ашық немесе жасырын түрде (бюллетеньдер бойынша) болады.
- 8.8. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылатын мәселелер бойынша туындайтын сөзтартысты тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысын дауысқа салуға құқылы.

- 8.9. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарастырғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.
- 8.10. Жиналыс хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісхатында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.

9-бап. Жалпы жиналыстың шешім қабылдауының тәртібі.

- 9.1. Шешімдер бетпе-бет қатысып немесе сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс берулерімен бірге (аралас дауыс беру), не болмаса акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісін өткізбестен қабылдануы мүмкін.
- 9.2. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде, дауыс беруге арналған бірегей формалы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға таратылады. Қоғамның, дауыс берудің нәтижесіне әсер ету мақсатында жекелеген акционерлерге дауыс беруге арналған бюллетеньдерді таңдамалы түрде жіберуге құқығы жоқ.
- 9.3. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісін өткізетін күнге дейінгі қырық бес күннен кешікепей жіберілуге тиісті.
- 9.4. Акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісхатына мына тұлғалар қолдарын қояды:
- 9.4.1. жиналыстың төрағасы және хатшысы;
- 9.4.2. есептік комиссияның мүшелері немесе оның қызметін орындаушы тұлға;
- 9.4.3. Қоғамның дауыс беруші акцияларының он немесе одан да көп пайызына ие болып отырған және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттамаға өзіне берілген сенімхаттың негізінде оның өкілі қолын қояды.

10- бап. Қоғамның директорлар кеңесі және оның құзыры.

- 10.1. Осы Жарғымен және Заңмен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған мәселелерді шешуді айтпағанда, Қоғамның директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады,
- 10.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзырына мына мәселелер жатады:**
- 10.2.1. Қоғамның айрықша бағыттарын анықтау;
- 10.2.2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау;
- 10.2.3. акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жария етілген акциялардың шеңберіндегі орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастырудың (өткізудің) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 10.2.4. Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуы туралы және олардың сатылу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 10.2.5. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту;
- 10.2.6. Қоғамның облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығарудың шарттарын анықтау;
- 10.2.7. атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерін (атқарушы органның қызметін бір өзі жүзеге асырушы тұлғаны) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
- 10.2.8. жетекшінің және атқарушы орган мүшелерінің (атқарушы органның қызметін бір өзі жүзеге асырушы тұлғаның) қызметтік еңбекақы мөлшерінің көлемін және еңбекке ақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 10.2.9. ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімін, сандық құрамын, оның басқарушысы мен мүшелерін анықтау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату,

- ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне еңбекақы төлеудің және сыйақы берудің көлемдері мен шарттарын анықтау;
- 10.2.10. корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, корпоративтік хатшының еңбекақы мөлшерінің көлемін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 10.2.11. аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғам мүлкін төлеуге берілген, не болмаса ірі келісімнің негізі болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне төленетін төлемнің көлемін анықтау;
- 10.2.12. қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды есептемегенде), оның ішінде аукциондарды және қоғамның құнды қағаздарына қол қоюды өткізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 10.2.13. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 10.2.14. қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы (жарғылық капиталдың қатысу үлесі) шешімін қабылдау;
- 10.2.15. қоғамның, басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдың қатысу үлесі) сатып алуы туралы, сондай-ақ олардың қызметтерінің мәселелері жөнінде шешім қабылдау;
- 10.2.16. Қоғамның міндеттемелерін оның меншіктік капиталы көлемінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға өсіру;
- 10.2.17. бұрынғы тіркеушімен жасалған келісім-шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 10.2.18. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 10.2.19. ірі мәмілелерді және Қоғамның өз мүддесі үшін жасалатын мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 10.2.20. акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатпайтын Қоғамның осы Жарғысымен қарастырылған басқа да мәселелер;
- 10.3. Тізімдері осы баптың 10.2. тармағымен белгіленген мәселелер шешімін табу үшін атқарушы органға берілмейді.
- 10.4. Директорлар кеңесінің, осы Жарғыға сәйкес оның атқарушы органының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

11-бап. Директорлар кеңесінің құрамы.

- 11.1. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тек қана жеке тұлға ғана бола алады.
- 11.2. Директорлар кеңесінің мүшелері мына тұлғалардан сайланып алынады:
- 11.2.1. акционерлерден – жеке тұлғалардан;
- 11.2.2. директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін қорғаушылар ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалардан;
- 11.2.3. осы Жарғымен белгіленген шектеуді ескере отырып, басқа тұлғалардан.
- 11.3. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті түрде дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акцияларға қатысты дауыстарын толықтай бір үміткер үшін беруге немесе оларды бірнеше үміткерлердің арасында бөліп таратуға құқылы. Дауыстардың ең көп санын жинаған үміткерлер директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесіне сайланғысы келетін бір немесе одан да көп үміткер бірдей дауыс жинаса, бұл үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.
- 11.4. Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің мүдделерінің қорғаушысы ретінде сайлануға

ұсынылмаған жеке тұлға сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аса алмайды.

- 11.5. Қоғам президенті директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін, бірақ директорлар кеңесінің Төрағасы қызметіне сайлана алмайды.
- 11.6. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауға тиісті. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бір бөлігінен кем болмайтын саны тәуелсіз директорлар болуға тиісті.
- 11.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі жаңа директорлар кеңесінің сайлауы өтетін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізген кезде аяқталады.
- 11.8. Акционерлердің Жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасының негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.
- 11.9. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау жалпы жиналыста ұсынылған акционерлердің кумулятивті түрде дауыс беруімен жүзеге асырылады, осы кезде директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері директорлар кеңесінің тұтастай алғандағы өкілеттік мерзімі аяқталысымен бір мезетте тоқтатылады.
- 11.10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланып алынған тұлғалар шектеусіз түрде қайтадан сайлана береді.
- 11.11. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.
- 11.12. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғымен анықталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады. Төраға орнында болмай қалған жағдайда, оның қызметтерін директорлар кеңесінің рұқсаты бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 11.13. Барынша маңызды мәселелерді қарастыру үшін және ашық түрдегі компаниялардағы директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін құрылады, ал басқа қоғамдарда мына мәселелер: стратегиялық жоспарлау, мамандар мен сыйақылар, ішкі аудит, әлеуметтік мәселелер, Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да мәселелер бойынша директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

12 -бап. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастырудың тәртібі.

- 12.1 Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Қоғам Президентінің бастамасымен немесе мына тұлғалардың талабы бойынша шақыртылуы мүмкін:
 - 12.1.1. директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
 - 12.1.2. Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
 - 12.1.3. Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;
 - 12.1.4. ірі акционердің.
- 12.2. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырту туралы талап, директорлар кеңесінің Төрағасына, директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы көрсетіледі.
- 12.3. Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақыртудан бас тартқан жағдайда, бастама көтеруші аталған талаппен директорлар кеңесінің мәжілісін шақыртуға

міндетті Қоғам Президентіне жүгінуге құқылы. Директорлар кеңесінің мәжілісін директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғам президенті шақырту туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешікпей шақыртуға тиісті. Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

- 12.4. Мәжілістің күн тәртібі мәселелеріне байланысты материалдар түріндегі қосымшасы бар директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарламалар, мәжілістің өткізілетін күніне дейінгі үш күннен кешікпей «алтын акцияның» мүшелеріне немесе иесіне жіберілуге тиісті. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар туындағанда, директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарламаларды мәжілісті өткізгенге дейін бір күн бұрын жіберуге болады. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарламаларда, мәжілістің өткізілетін күні, уақыты мен жері туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиісті. Директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарлама жіберудің тәртібін директорлар кеңесі анықтайды, ал «алтын акцияның» иесіне хабарлама әдейі алған кезде тізім бойынша табыс етіледі.
- 12.5. Директорлар кеңесінің мүшесі, алдын-ала, Президенттің директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтындығын айтып, атқарушы органның басқарушысын хабар беруге міндетті.
- 12.6. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге арналған кворум директорлар кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем болмауға тиісті. Ашық түрдегі компанияның директорлар кеңесінің мәжілісінде міндетті түрде саны жағынан тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан азын құрайтын тәуелсіз директорлар ұсынылуға тиісті. Егер, директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғымен анықталған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болып шыққан жағдайда, директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек қана акционерлердің осындай кезектен тыс жиналысын шақырту туралы шешімді қабылдауға құқылы.
- 12.7. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болып шыққан кезде, директорлар кеңесі Төрағасының немесе мәжіліске төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
- 12.8. Директорлар кеңесі өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.
- 12.9. Директорлар кеңесінің мәжілістері бетпе-бет тәртіпте өткізіледі. Директорлар кеңесінің мәжілісінде қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері, Төраға немесе мәжіліске төрағалық етіп отырған тұлға, және директорлар кеңесінің хатшысы мәжілісті өткізген күннен бастап үш күннің ішінде толтыруға және оларға қол қоюға міндетті хаттамамен рәсімделеді. Бұл хаттамада мыналардың болуы қажет:
 - 12.9.1. Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 12.9.2. мәжілістің өткізілетін күні, уақыты және жері;
 - 12.9.3. мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
 - 12.9.4. мәжілістің күн тәртібі;
 - 12.9.5. дауы беруге қойылған мәселелер, және олар бойынша дауыс берудің қортындылары;
 - 12.9.6. қабылданған шешімдер;
 - 12.9.7. директорлар кеңесінің шешіміне қатысты басқа да мәліметтер.
- 12.10. Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары Қоғам мұрағатында сақталады. Директорлар кеңесінің төрағасы, директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша

оған таныстыру үшін мәжілістің хаттамасын және онда қабылданған шешімдерді және (немесе) оған хаттамадан алынған үзінділерді және Қоғамның өкілетті жұмыскерінің қолымен және Қоғам мөрінің суретімен расталған шешімдерді ұсынуға міндетті.

13- бап. Қоғамның атқарушы органы

- 13.1. Ағымдағы қызметке басшылық жасауды бір тұлғадан тұратын атқарушы орган – Қоғам **Президенті** жүзеге асырады.
- 13.2. Атқарушы органның басқарушысы Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заң шығарушы актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа да органдары мен қызметтік тұлғаларының құзырына жатқызылмаған қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. Атқарушы органның басқарушысы акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 13.3. Акционер де, Қоғамның акционері болып табылмайтын жұмыскер де атқарушы органның Басқарушысы бола алады. Атқарушы органның басқарушысы тек қана Қоғамның директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.
- 13.4. Атқарушы органның Басқарушысының мақсаттары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заң шығарушы актілерімен, Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасайтын жеке еңбек келісім-шартымен анықталады. Қоғам атынан атқарушы органның Басқарушысымен жасалатын жеке еңбек келісім-шартына, директорлар кеңесінің Төрағасы немесе бұған акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе директорлар кеңесімен уәкіл етілген тұлға қол қояды.
- 13.5. Атқарушы органның Басқарушысы:
 - 13.5.1. акционерлердің Жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 13.5.2. үшінші тұлғаларға қатысты Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;
 - 13.5.3. Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында ұсыну құқығына қатысты сенімхат береді;
 - 13.5.4. Қоғамның жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды (Заңмен белгіленген жағдайларды айтпағанда) жүзеге асырады, оларға мадақтау шараларын қолданады және тәртіптік жазаға тартады, Қоғам жұмыскерлерінің қызметтік еңбекақыларының және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес еңбекақы мөлшеріне қосылатын жеке үстемелердің көлемдерін белгілейді, Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерді айтпағанда, Қоғам жұмыскерлеріне төленетін сыйақылардың көлемдерін анықтайды;
 - 13.5.5. Өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды орынбасарларының біреуіне жүктейді;
 - 13.5.6. орынбасарларының арасында олардың міндеттерін, сонымен қатар, өкілеттік саласы мен жауапкершіліктерін бөледі;
 - 13.5.7. осы Жарғымен, акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

14- бап. Қоғам акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсынудың тәртібі.

- 14.1. Қоғам өзінің акционерлерінің назарына Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.
- 14.2. Мыналар Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпараттар болып танылады:

- 14.2.1. акционерлердің Жалпы жиналысы және директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер, және қабылданған шешімдердің орындалғандығы туралы ақпарат;
- 14.2.2. Қоғамның акцияларды және басқа да құнды қағаздарды шығаруы және өкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын орналастыруының қортындылары туралы, Қоғамның құнды қағаздарын өтеудің қортындылары туралы есептерді бекітуі, өкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын жоюы;
- 14.2.3. Қоғамның ірі мәмілелерді және жасауға өзі қызығушылық танытып отырған мәмілелерді жасауы;
- 14.2.4. Қоғамның меншіктік капиталы көлемінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын көлемдегі қарыз алуы;
- 14.2.5. қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін Қоғамның лицензия алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін Қоғамның ертеректе алған лицензияларының күшін уақытша немесе біржолата тоқтату;
- 14.2.6. Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- 14.2.7. Қоғамның мүлкін тұтқындау;
- 14.2.8. нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызын құраған Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаты бар жағдайлардың басталуы;
- 14.2.9. Қоғамды және оның қызметтік тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 14.2.10. корпоративтік дау жөнінде сотта іс қозғау;
- 14.2.11. Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- 14.2.12. осы Жарғыға сәйкес, Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын басқа да ақпарат;
- 14.3. Акционерлердің мүдделерін қозғайтын, Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну, ақпаратты он бес мың данадан кем болмайтын тиражбен шығарылатын және Қазақстан Республикасының барлық аумақтарына таратылатын, «Заң газеті» дәрежесі берілген кезең-кезеңімен шығарылып отыратын басылымдарға жариялау арқылы, не болмаса әрбір акционерге Заңмен белгіленген тәртіпте жеке хабарлама жіберу жолымен жүзеге асырылады.

15-бап. Қоғамға оның акционерлерінің және қызметтік тұлғаларының аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуы.

- 15.1. Қоғамның акционерлері мен қызметтік тұлғалары өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты мына көлемде ұсынады:
 - 15.1.1. Жеке тұлғалар туралы: тегі, аты, әкесінің аты (әкесінің аты бар болса); жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері мен жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер; туған күні; аффилиирленгендігін мойындау үшін қажетті негіздемелер; аффилиирленгендігінің пайда болған күні.
 - 15.1.2. Заңды тұлғалар туралы: заңды тұлғаның толық атауы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген мерзімі және нөмірі, пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері, аффилиирленгендігін мойындау үшін қажетті негіздемелер; аффилиирленгендігінің пайда болған күні.
- 15.2. Аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты акционерлер және Қоғамның аффилиирленген тұлғалары тұлғаларды аффилиирленген деп тануға негіз пайда болған (жоғалған) күннен бастап, не болмаса акцияны (Қоғамның қызметтік еңбекақысы бар еңбек келісім-шартының қортындыларын) сатып алған күннен бастап 7 күннің ішінде ұсынады.

16 -бап. Қоғамның қызметін тоқтату.

- 16.1. Қоғам қызметін тоқтату Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе жою жолымен жүзеге асырылады.
- 16.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, қайта құру) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының заң шығарушы актілерімен белгіленген ерекшеліктерін ескере отырып, жүзеге асырылады. Егер қайтадан ұйымдастырған жағдайда Қоғам өзінің қызметін тоқтататын болса, Қоғам акцияларының шығарылымы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте жойылады.
- 16.3. Қоғамды ерікті түрде жою туралы шешімді жою іс-шарасын қарыз берушілердің келісімі бойынша және солардың бақылауымен, Қазақстан Республикасының заң шығарушы актілеріне сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды.
- 16.4. Қоғамды мәжбүрлі түрде жоюды, Қазақстан Республикасының заң шығарушы актілерімен қарастырылған жағдайларда сот жүзеге асырады. Қоғамды жою туралы талапты, егер Қазақстан Республикасының заң шығарушы актілерімен басқасы қарастырылмаған болса, сотқа мүдделі тұлғалар ұсына алады,
- 16.5. Соттың немесе акционерлердің Жалпы жиналысының Қоғамды жою туралы шешімімен жою комиссиясы тағайындалады.
- 16.6. Жою комиссиясының, Қоғамды жою кезеңінде басқару жөніндегі және тізімі Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған іс-әрекеттерді жасауға қатысты өкілеттіктері бар.
- 16.7. Қоғамды ерікті түрде жойған кезде, жою комиссиясының құрамына Қоғамның қарыз берушілерінің өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес тұлғалар енгізілген болуға тиісті.
- 16.8. Қоғамды жою іс-шарасы және оның қарыз берушілерінің талаптарын қанағаттандырудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.
- 16.9. Қоғамды жойған кезде оның жария етілген, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте жойылады.
- 16.10. Қарыз берушілерінің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған Қоғамның мүлкі, акциялардың барлық иегерлерінің арасында, оларға тиесілі акциялардың санына пара-пар түрде, Заңның талаптарын ескере отырып таратылады.
- 16.11. Қоғамды жою аяқталған, ал Қоғам өз қызметін тоқтатқан болып, бұл туралы заңды тұлғалардың Бірегей мемлекеттік регистріне жазылған сәттен бастап есептеледі.

17-бап. Қортынды ережелер

- 17.1. Осы Жарғымен реттелмеген жағдайлардың барлығында да, Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.
- 17.2. Қоғамның қызметін реттейтін заңнама өзгерген немесе аталған құқықтық актілерге осы Жарғы ережелері қайшы келген жағдайда, Қоғам өзінің қызметін қолданыстағы заңнамаға сәйкес іске асырады.
- 17.3. Осы Жарғы белгіленген заң шығару тәртібінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

«Павлодарэнергосервис» Акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілген 2009 жылғы 12.01 № 01/9-01 ОСА хаттамасының негізінде әрекет етуші өкілетті тұлға



В.И.Готов

Готов В.И.



Утвержден
решением внеочередного общего
собрания акционеров Акционерного
общества «Павлодарэнергосервис»
протокол № 01/9-01/ОСА от 12.01.2009 г.

УСТАВ Акционерного общества «ПАВЛОДАРСКАЯ РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНАЯ ЭЛЕКТРОСЕТЕВАЯ КОМПАНИЯ»

Статья 1. Общие положения

- 1.1. Настоящий Устав Акционерного общества «Павлодарская Распределительная Электросетевая Компания» (далее – **Общество**) определяет его наименование, место нахождения, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
- 1.2. Общество утверждает свой Устав в новой редакции, в связи с изменением наименования и с приведением его в соответствие с Гражданским кодексом Республики Казахстан и Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13.05.2003 г. № 415-III с изменениями и дополнениями (далее - Закон).
- 1.3. Полное наименование Общества:
 - 1.3.1. на государственном языке: «Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» Акционерлік қоғамы;
 - 1.3.2. на русском языке: Акционерное общество «Павлодарская Распределительная Электросетевая Компания».
 - 1.3.3. на английском языке: Joint stock company «Pavlodar Regional Electric Distribution Company».
- 1.4. Сокращенное наименование Общества:
 - 1.4.1. на государственном языке: «ПЭТК» АҚ-ы;
 - 1.4.2. на русском языке: АО «ПРЭК»;
 - 1.4.3. на английском языке: JSC «PREDC».
- 1.5. Место нахождения Исполнительного органа Общества: 140000, Республика Казахстан, Павлодарская область, г. Павлодар, ул. Кривенко, 27.
- 1.6. Срок деятельности общества не ограничен.

Статья 2. Юридический статус Общества

